Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш жаршысы

№79 (9966)
7 қазан
сенбі
2023 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.




Съез

# Білім мен ғылым – табысқа жетудің басты кілті




**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезіне қатысты. Президент алдымен жиынға қатысушыларды Ұстаздар күнімен құттықтап, еліміздің болашағы жарқын, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүргенін атап өтті.**

– Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген. Ұлт ұстазының бұл сөзі қашанда орынды. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет. Сондықтан ұстаздар қауымына, яғни сіздерге зор жауапкершілік жүктеледі, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және беделін арттыруға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп жатқанына назар аударды. Президенттің бастамасымен 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» жеке Заң қабылданды. Соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе өскенін де жақсы білеміз. Балабақша тәрбиешілерінің де айлығы 30 пайызға көбейген. Ұстаздардың еңбек демалысы ұзартылды. Бір сөзбен айтқанда, осынша жағдай жасалып, мұғалімнің міндетіне кірмейтін артық жұмыстың бәрі алынып тасталды. Ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне баса мән беріліп жатыр. «Болашақ» бағдарламасымен үш жылда 220-ға жуық педагог шетелде оқып келді. Мұғалім мамандығын таңдаған жастарға қойылатын талап та күшейген. Осы саладағы студенттердің шәкіртақысы 2,5 есеге артты. Бір сөзбен айтқанда, білікті ұстаз даярлау ісіне ерекше мән берілді.

Мемлекет басшысының пікірінше, бүгінде педагогика саласы ғылымның ең маңызды тармағының біріне айналды. Сондықтан бұл салаға түбегейлі жаңа көзқарас қажет. Осы ретте Президент білім беру саласына қатысты бірқатар маңызды мәселеге тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздардың біліктілігін арттыру қажет екенін атап өтті. Мемлекет басшысы педагогтердің бүгінде тек пәнді ғана үйретіп қоймайтынын, сондай-ақ балалардың әлеуметтік дағдылары мен эмоциялық интеллектісін дамытуға ықпал ететінін айтты. Осынау жоғары атқа лайық болу үшін мұғалімдер әрдайым кәсіби тұрғыдан дамып, өзгерістерге дайын болуға тиіс.

Иә, педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету маңызды деп есептейді. Десе де ол кешегі жиында қазір мектептерде мамандар тапшы екенін де жоққа шығармады. Мәселен, бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді екен. Оның үстіне бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып жатыр. Ал педагогика саласында оқыған әрбір бесінші түлек өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Мұғалімдердің 23 пайызында ғана жоғары біліктілік санаты бар.

– Мұның бәрі педагогтерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру тәсілдерін түбегейлі өзгертуді қажет етеді. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтарға қатысты бағдарламалардың басым бөлігі заман талабын ескермейтін бұрынғы әдістемелерге негізделген. Заманауи тәсілдер мен технологияны енгізе отырып, оқу бағдарламаларын қайта қарау, жаңғырту қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы балалардың уақыт талабына сай озық білім алуы қажет екенін екінші маңызды мәселе ретінде атап өтті. Президент айтқандай, ғалымдар 2050 жылға қарай қазіргі кәсіптердің жартысына жуығын цифрлық және техникалық жүйелер алмастырады деген болжам айтуда. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар жаңа заманға қажетті дағдыларды үйренуі керек деп есептейді.

– Бұл – өте маңызды міндет. Бұрын «алған дипломың өмір бойы азық болады» деген түсінік бар еді. Енді оның орнын «Өмір бойы оқы және үйрен» деген қағида басуы керек. Қазір жұмыс берушілер үшін ең бастысы диплом немесе сертификат емес. Олар іздене білетін, жаңа талапқа икемделе алатын, тәртіпті және ұқыпты жас мамандарды бағалайды. Яғни қызметкердің қолындағы қағазға емес, қарым-қабілетіне мән береді. Сондықтан әр азамат үздіксіз оқуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент айрықша тоқталған өзекті мәселенің бірі – мектептегі орын тапшылығы. Оның сөзінше, елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді.

– Тәуелсіздік жылдарында елімізде 2300-ге жуық мектеп салынды. Соның нәтижесінде төрт ауысыммен оқытудан арылдық. Дегенмен «үш ауысыммен» оқу жүйесі әлі күнге дейін бар. Көптеген мектептің техникалық жабдығы ескірген. Осы мәселенің бәрін жоспарлы түрде шешуіміз қажет. Менің бастамаммен елімізде «Жайлы мектеп» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Екі жылдың ішінде барлық аймақта, соның ішінде ауылдық жерлерде жүздеген білім ордасы салынады. Соның арқасында үш ауысыммен оқытудан біржола құтыламыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жақында еліміздің кәсіпкерлерімен кездесу барысында қайырымдылық ретінде облыстарда, қалаларда мектеп салу мәселесін қозғағанын жеткізді. Будан бөлек сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартылғандардың заңсыз тапқан қаржысы мектеп салуға жұмсалып жатыр. Қазірдің өзінде 13 мектеп салынды. Жыл соңына дейін тағы да 33 мектеп бой көтереді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мектепті ең қауіпсіз орынға айналдырудың, білім ошақтарының бәріне дабыл қағу, бейнебақылау жүйесін орнатудың маңызды екенін тағы да еске салды. Мектеп оқушылары арасында белең алған буллинг, әлімжеттік, зорлық-зомбылық көрсету проблемасы да Президент назарынан тыс қалмады.

Президент айрықша тоқталған тағы бір маңызды міндет – қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының теңсіздігін жою. Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл мектептерін зияткерлік, сондай-ақ қоғамдық орталық ретінде дамыту маңызды екенін айтты.

– «Мектебі бар ауылда тіршілік бар» деп бекер айтылмаған. Мектеп бірнеше әлеуметтік нысанның рөлін атқарады. Онда қоғамдық жиындар, мәдени іс-шаралар, спорт сайыстары өтеді. Ауыл мектебі жергілікті жұртты ортақ іске жұмылдырады. Осы орайда кәсіпкерлер қауымына да зор міндет жүктеледі. Қазір мемлекет пен бизнестің серіктестігі арқылы ауыл мектебін жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Осы тәсілмен үш жылдың ішінде кем дегенде бір мың ауыл мектебін керек-жарақпен толық жабдықтау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент білім беру үдерісін цифрландыру қарқынын жеделдету қажеттігін қаперге салды. Өйткені цифрлық шешімдер озық педагогикалық тәжірибені тез әрі тиімді түрде кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Сол арқылы, тіпті шалғай аудандардағы оқушыларды еліміздің және әлемнің үздік ұстаздарының материалдарымен, сабақтарымен қамтамасыз етуге болады.

– Ауыл мектептерін жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету – Цифрлық даму министрлігіне де, облыс әкімдеріне де жүктелетін жауапкершілік. Алты айдан кейін берілген тапсырманың орындалуын тексеремін. Жалпы, білім беру жүйесін мүлде жаңа деңгейге шығару үшін ауқымды цифрлық трансформациялау жұмыстарын жүргізуіміз керек. Ең алдымен, 2027 жылға дейін интернет желісі әлі тартылмаған мектептердің бәрін жылдамдығы жоғары интернетке қосу қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керек. Мемлекеттің тірегі – адал азаматтар. Елімізде осы қағидаға негізделген жаңа қоғамдық этика орнығуға тиіс. Мектеп ізгілік қағидаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды балалардың бойына сіңіретін орталыққа айналуы керек.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстан Конституция бойынша зайырлы мемлекет екеніне назар аударды. Сондай-ақ қоғамда қызу пікірталасқа ұласқан дін мәселесіне байланысты пікір білдірді.

– Бұл қағида барлық жерде, соның ішінде білім беру мекемелерінде қатаң сақталуға тиіс. Мектеп – ең алдымен, білім ордасы. Балалар мектепке білім алу үшін барады. Ал діни ұстаным – әр азаматтың жеке мәселесі, өз таңдауы. Елімізде дін бостандығына заңмен кепілдік берілген. Балаларымыз есейіп, дүниетанымы толық қалыптасқан соң өз таңдауын жасағаны дұрыс деп санаймын. Ең бастысы, көзқарасы айқын, санасы сергек әрі дәстүрге берік ұрпақ тәрбиелеу керек, – деп түйіндеді сөзін Президент.

Жиын барысында Астана қаласындағы және өңірлердегі мектептер мен колледждерде еңбек ететін ұстаздар сөз сөйлеп, білім саласын дамыту жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бірқатар мұғалімге «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағын берді.

**Ерлан АНУАРҰЛЫ**

Салтанатты шара

# Ұстаздар құрмет төрінде

**Қазақ – қай кезде де ұстазды ұлықтаған ұлы халық. Шыбық тіксе, шынар болатын, таяқ тіксе, тал болатын, қыран ұшса, қанаты талатын кеңбайтақ қазақ даласының небір дарынды дарабоздарын дана еткен де сол ұстаз. Түркі әлеміне мәшһүр Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын – ұстаздікі» деп текке айтпаса керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда «Мектеп – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. Осы орайда балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек. Сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет» деді.**



Иә, ұстаздан алған тәлім-тәрбие әрбір жанның өміріне бағдаршам іспетті. Себебі ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып, тер төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан бүкіл адам баласы құрметпен бас иетін ұлағатты ұстаздардың қашан да мәртебесі биік.

Бейсенбіде аудандық мәдениет үйінде Ұстаздар күніне орай «Ұлағатты ұстаз – ұлт мерейі» атты салтанатты шара өтті. Шараға аудан әкімі Асқарбек Есжанов бастаған бірқатар ел ағалары мен ардагер ұстаздар, аудандағы білім ошақтарының мұғалімдері қатысты. Асқарбек Темірбекұлы ұлағатты ұстаздарды кәсіби төл мерекесімен құттықтап, ұлт болашағын тәрбиелеудегі еселі еңбегіне табыс тіледі.

– Ұстаз – есімі әрқашан ұлағатты да өнеге боларлық есім. Кез келген қоғамдағы, барлық кезеңдегі ұстаздың ұлы міндетіне баға жетпейді. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тал бесіктен тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді дарытып, адамгершіліктің ұлағатын бойына сіңірген ұстаздардың еңбегі зор. Сондықтан ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Ұстаз – бір ғана шәкіртті емес, тұтас ұлтты, елді алға жетелеуші. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен елордамыз Астана қаласында республикалық педагогтер съезі өтуде. Оған біздің облысымыздан арнайы делегация барды. Оның ішінде ауданымыздан мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Салтанат Қосжанова мен осы білім ошағының математика пәні мұғалімі Ғалымжан Нұрмахатов бар. Білім көшін алға жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымы, сіздер әр шәкірттің жүрегінде, көңіліндесіздер. Ең бастысы, қазақ деген ұлы халықтың төріндесіздер, – деді аудан әкімі.



Мереке қарсаңында бірқатар аудан ұстазы мен балабақша тәрбиешісі облыс әкімінің және аудан әкімінің алғыс хаттарымен, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Сонымен қатар «Алтын белгі» иелерінің бастауыш сыныптағы ұстаздарына Шымкент қаласындағы «Бір көлік» шипажайына жолдама табысталды. Бұдан бөлек бірқатар ұлағатты ұстаз 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша арнайы номинациялармен марапатталып, 50 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Атап айтсақ, «Креативті мұғалім» номинациясымен №116 орта мектеп дефектологы Нұртуған Темірхан, «Шығармашыл мұғалім» номинациясымен Алдаберген Бисенов атындағы №38 мектеп мұғалімі Жанар Шілдебаева, «Талантты мұғалім» номинациясымен Шекер Ермағанбетова атындағы №246 мектеп мұғалімі Ғалымжан Сейтжанов, «Бала жаны бағбаны» номинациясымен №13 Балдырған бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Айнұр Күзембаева, «Ізденімпаз мұғалім» номинациясымен Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Манат Маханбетова, «Тәлімгер мұғалім» номинациясымен Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицей мұғалімі Гүлдана Ермаханова марапатталды.

Айта кетейік, мемлекет қолдауының нәтижесінде жыл сайын мектептерді салу мен жаңғыртуға қаржы бөлінуде. Ауданда 1 мектептің жаңа ғимараты пайдалануға берілсе, 4 мектеп күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аудан орталығынан 300 орындық жаңа мектеп құрылысын салу жоспарлануда. Аудан мектептерінің 90 пайызы жаңа модификациялық пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілсе, компьютерлер паркі 100 пайызға жаңартылды.

Өткен оқу жылында білім беру ісінде үздік нәтижелерге жеткен 1 мектепке 1 млн теңге жүлде табысталса, биыл саланың дамуына үлес қосқан 3 мектепке материалдық базасын нығайтуға 4 млн теңгеден жүлде тағайындалды.

Бүгінде аудан бойынша 36 мектепке дейінгі білім беру ұйымында 3048 бала тәрбиеленсе, жалпы орта мектепте жаңа оқу жылынан бастап 7150 оқушы білім алуда. Өткен оқу жылын ауданның білім саласы үлкен жетістікпен аяқтады. Ауданның жалпы орта мектеп оқушылары ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысымен жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, облыста аудандар арасында II орынды иеленді. Иә, бұл жетістік – аудан ұстаздарының тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Оқу жылының қорытындысымен «Алтын белгі» иегері атанған 17 оқушы мемлекеттік білім беру грантын жеңіп алып, бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруда. Тағы бір қол жеткізген үлкен жетістіктің бірі жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытындысымен Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейі «Ең үздік 100 мектеп» қатарына енді. Аудан бойынша пәндік олимпиада бойынша облыстық кезеңге қатысып, 18 оқушы жүлделі орындар иеленсе, 3 оқушы республикалық кезеңге қатысып, қола медаль иегері атанды.

Ал дәстүрлі өткізілетін президенттік олимпиада мен ғылыми жобаларға облыстық деңгейде 82 оқушы қатысып, 32-сі жүлделі орын иеленсе, республикалық кезеңге 11 оқушы қатысып, 8-і жүлделі орындарға ие болды. Сонымен қатар біздің 300 ден аса оқушымыз түрлі танымдық байқауларға қатысып, облыстық деңгейде 182 орын, ал республикалық деңгейде 21 орын еншіледі. Үздіксіз ізденіс, шығармашылық жұмыстардың нәтижесінде ұстаздарымыздың ішінде облыстық деңгейдегі кәсіби байқаулардан 14 педагог жүлдемен оралды.

Бүгінгі таңда ауданда 1300-ге жуық ұстаз балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беруде. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, «Ы.Алтынсарин» медалінің иелері бар. Бұл – ауданның рухани әлеуеті, халықты алға жетелейтін үлкен күш.

2022-2023 оқу жылында аудан бойынша жалпы білім беретін 20 мектептен 356 түлек бітіріп шықты. Олардың ҰБТ-ға 329-ы қатысып, 260 түлек мемлекеттік грант иегері атанып отыр. Бұл жетістіктер – ұстаздар қауымының жыл бойғы тынымыз еңбегінің жемісі.

Иә, әркім мұғалім мамандығын оқи алуы мүмкін. Бірақ нағыз ұстаз болып қалыптасу өте қиын. Ұлағатты ұстаз алдындағы талап қай кезде де күшті болған. Сондықтан бүгінгі күннің ұстазы жаңалыққа жол бағыттаушы, бағдаршам болуы қажет. Сән салтанаты келіскен кезеңде заңғар заманның бәсекеге қабілетті азаматын тәрбиелеп шығару – ұстаздардың басты міндеті.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

Аппарат

# Жол қауіпсіздігі қатаң қадағаланады



**2023 жылдың 9 айында аудан көлемінде жол көлік оқиғалары 42,2 пайызға, жарақат алғандар 30 пайызға, қайтыс болғандар саны 66,6 пайызға төмендеген. Жылдамдықты асыру себебінен болған жол көлік оқиғаларында қайтыс болғандар фактісі орын алмаған. Жоғарыда келтірілген деректерден кейін «аудан көлік жүргізушілері заңды талаптарды қатаң сақтайды немесе жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуші мамандар өз жұмысын жақсы біледі» деген ойға келесің. Иә, ахуалды түзетуге жергілікті атқарушы биліктің пәрменді қимылы әсер етсе керек. Дегенмен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жұмыстарға қоғамның алаңдаушылығы басым.**

Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте айтылған тапсырмаға сәйкес, өткен аптада аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті.

Алдымен аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы елімізде жол көлік оқиғалары мен соның салдарынан болатын өлім мен жарақат фактілері азаймай отырғанын жеткізді. Өзектілігін жоғалтпаған мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше көңіл бөліп, заң бұзушыларды, әсіресе мас күйінде көлік жүргізушілерді қатаң жазалауды тапсырғанын, заң жобасына өзгерістер енгізіп, жазаны қатаңдатқанын айтты.

Осы ретте аппарат мәжілісінің күн тәртібінде аудан аумағында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру мәселесі қаралды. Әуелі осы жылдың 9 айында ауданда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстар жайлы аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеров баяндама жасады.

Полиция полковнигінің мәліметінше, биыл жол көлік оқиғасының алдын алу мақсатында 63 дерек анықталып, жауапкершілікке тартылған. Жол ережесін бұзудың 1575 дерегі анықталса, оның 909-ы – жол апатына тікелей әсер ететін өрескел құқық бұзушылықтар, нақтырақ айтсақ, көлікті мас күйінде басқарудың 16 дерегі, 339-ының көлік құралын басқаруға құқығы жоқ немесе құжатсыз басқарғаны анықталған. Кент және ішкі жолдарда жарақат алғандар 8-ден 7-ге төмендеген. Ауыларалық ішкі жолдарда қаза тапқандар 1-ге өскен. Былтыр балалардың қатысуымен 3 жол-көлік оқиғасынан 3 бала дене жарақатын алса, биыл 2 бала жарақат алған. Жол көлік апаттарының алдын алу мақсатында орталық көшелер бойында орналасқан мектептер жанындағы жаяу жүргіншілер өткелдеріне оқуға келіп-кету кезінде патрульдік және ювеналды полиция инспекторлары қызмет атқаруда.

Баяндамадан кейін аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы кент және ауылдық округ әкімдеріне жол көлік оқиғаларын болдырмау және оның алдын алу мақсатында елді мекендердегі төрт түлікті кезекпен немесе пада арқылы бағуды ұйымдастыруды тапсырды. Сонымен қатар аудандық білім бөлімімен бірлесіп, білім беру мекемелерінің алдында жол қауіпсіздігін, жол көлік оқиғаларын және жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзушылықтың алдын алу мақсатында патрульдік және ювеналды полиция инспекторларының кезекшілігі тұрақты қамтамасыз етіледі. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, аудандық полиция бөлімі және Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасымен бірлесіп, ауданішілік және облысаралық бағытта жолаушыларды тасымалдайтын такси жүргізушілеріне жол жүру ережелерінің талаптарын қатаң сақтау бағытында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылады.

– Өздеріңізге белгілі елімізде жыл сайын көптеген ауыр дене жарақаттары мен адам өліміне әкеп соққан жол көлік оқиғаларының басым көпшілігі түнгі мезгілде тасжолда жүрген ірі қара, жылқы, түйе малдарының кесірінен болып жатады. Күндіз көру қашықтығы кедергісіз болса, түнгі мезгілдерде жүргізушілер көлік құралының рұқсат етілген жылдамдығымен келе жатса да тасжолда жүрген төрт түлікті байқап, тоқтап үлгермейді. Бұл мақсатта арнайы республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерінде сиырдың жасанды бейнесі де орнатылды. Автокөлік жолы мал жүретін жер емес. Сондықтан барша мал шаруашылығымен айналысып отырған тұлғаларға, азаматтарға мал түрлерінің мойындарына арнайы шағылыстырғыш ленталарды тағып қоюды талап ету қажет. Ауыл әкімдері бұл жұмыстарды қысқа мерзімде ұйымдастырыңыздар, – деді аудан әкімі Асқарбек Есжанов.



Қазақ итті жеті қазынаның біріне балаған. Мал, үй күзеттіреді, аң аулауға пайдаланады. Дегенмен де олар қараусыз күйге түссе, адам өміріне қауіп төндіретіні анық. Ит-мысықтан зардап шеккен адамдардың саны жылданжылға көбеймесе, азаймай тұрғанын аудан әкімі атап көрсетті.

Қазіргі таңда қаңғыбас иттер шоғырланып, кейбір жерлерді мекен етіп алғанын, ондай жерлерден бала тұрмақ, ересек адамдардың да өтуі оңай емес екенін жеткізді. Күзде күн ерте батып, оқушылар сабақтан қараңғы уақытта қайтатындықтан қаңғыбас ит-мысықтарға тиісті шаралар қабылданбаса, арты қайғылы жағдайға ұласуы мүмкін, осы мақсатта тиісті шаралар қабылдауды жауапты мамандардан талап етті.

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына аудан бойынша ит-мысықтан зардап шеккен адамдарға вакцина салу жұмыстарын мерзімінде жүргізіп, тұрақты бақылау орнату қажеттігі айтылды. Сондай-ақ жануарларды асырау қағидаларын бұзған тұрғындарға заңнама аясында тиісті шаралар қабылданады.

Аудандық ветеринариялық станциясына тұрғындардың иелігіндегі малдардың сырғаларын алып тастау, есептен шығару фактілерін болдырмау бағытында тиісті жұмыстар атқару, жеке тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылымдарындағы жануарларды тіркеу, бірдейлендіру, сырғалау және таңба басу жұмыстарын тұрақты жүргізу тапсырылды. Аппарат мәжілісіндегі хаттамалық тапсырмалардың орындалуын бақылау және үйлестіру аудан әкімінің салаға жетекшілік ететін орынбасарларына жүктелді.

**Жандос МАХМҰТҰЛЫ**

Қабылдау

# Жергілікті спортшыларды жеңісімен құттықтады



**Үлкен додаларда көк туымыздың биікте желбірегенін көріп, әнұранымызды көкжәшіктің сыртында тыңдаудың өзі қандай бақыт десеңші! Әлбетте бір спортшының жеңіс тұғырынан көрінуінде үлкен еңбек жатыр, баласы атқа шапса, тақым қысатын қазақтың сұрпынанбыз ғой. Бірақ сол әлемдік деңгейде салада биік белесті бағындырудың алғашқы дайындығы ауылдан басталады. Байрақты бәсекелерде топ жарып, ел мерейін үстем еткен жалағаштық спортшылар кенде емес. Мұның бәрі үлкен қолдаудың және тыңғылықты дайындықтың жемісі екенінде ешкімнің дауы жоқ. Жергілікті спортшыларды қабылдаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов та үлкен қолдауды саңлақтарымыздың шын сезінгенін, салада жақсы нәтиже барын айтып, олардың мерейін үстем етті.**

Дәстүрге айналған ауыл спортшыларының спартакиадасы биыл Шиелі ауданында жалауын тікті. 36-шы рет ұйымдастырылып отырған тартысты додада аудан спортшылары атой салды. Негізі былтырдан бері бұл жарыста жалағаштықтар жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Несін жасырамыз, осыған дейін үздік үштіктен үмітіміз аз болды, былтыр да саңлақтарымыздың биік белесті бағындыратынына жанкүйерлерде үміттен күдік басым болған. Алайда қазыналы Қазалы өңірінен жерлестеріміз құр қайтқан жоқ.

Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын жергілікті спортшылар үздік үштіктен көрінді, үшінші орын болғанда қалай, ауылға бесінші орынмен оралған, алайда алдындағы қос ауданның спортшылары арасында жанжал туындап, төрешілер жарыс жолынан шеттетуге шешім шығарады. Осылайша олардан кейін тұрған аудан құрамасы сол ұйғарыммен үштікке еніпті. Бірақ былтыр Қазалыдағы додада саңлақтарымыздың таза еңбекпен қарсыластарын еңсеріп, үшінші орынға ие болғаны қалың жанкүйердің көз алдында. Ал биылғы нәтиже қалай? Тарқатайық...

Шиеліде өткен «Алтын күз» спартакиадасында спорттың 16 түрінен мыңнан астам қатысушы жүлделерді сарапқа салды. Тартысты додада жалағаштықтар 3 алтын, 3 күміс және 5 қола медалмен жалпыкомандалық есепте екінші орынға жайғасты. Биылғы спартакиаданың ерекшелігі де жоқ емес, яғни жаңадан спорт түрлері де қосылды. Соның ішінде кермеге тартылуда аудан саңлақтары қоржынға қола салды.

Президенттік көпсайыстан да саңлақтарымыз жақсы нәтиже көрсетті. Ал қазақ күресі мен гір тасын көтеруде қатарынан екінші жыл білектілеріміз қоржынға алтын салып отыр. Одан бөлек көкпар мен бесасықтан 3 жыл қатарынан күміске қол жеткізіп отырмыз. Бұдан ауданда кенжелеп қалған ұлттық спорт түрлерінің айтарлықтай алға басқанын аңғару қиын емес.

Тоғызқұмалақтан алдыңғы жылдары аудан құрамасы 4-5 орыннан бой көрсеткен. Қыздарымыз бұл додада күміске қол жеткізді. Мұнан бөлек қол добы, теңге ілу, аударыспақ, үстел тенисі сынды бірқатар спорт түрінен де ілгерілеушілік басым. Кеше Асқарбек Темірбекұлы бұл ауданда соңғы он жылда орын алмаған үлкен жетістік екенін ерекше атап өтті.

– Берекелі күздің қазан айы Жалағаш ауданы үшін жағымды жаңалықпен басталды. Олай дейтініміз Шиелі ауданында өткен ауыл спортшыларының спартакиадасында аудан спортшылары облыста командалық есеппен екінші орынға ие болды. Бұл – үлкен жетістік, үлкен еңбек. Баршаңызды осы жеңіспен шын жүректен құттықтаймын. 4 күнге жалғасқан додада облыстың 7 ауданынан 1000-нан аса спортшы қатысты. Қаншама спортшының ішінен аудан спортшыларының үлкен нәтижеге қол жеткізуі ауданда салада серпін барын аңғартады. Осы бағыттағы жұмыстарымызды әлі де жандандырып, әлсіретіп алмауымыз керек. Барлық спорт түрінен біз жұмыстарды алдағы уақытта да күшейтуіміз қажет. Осы додада қалыс қалған спорт түрлеріне басымдық беріп, талдау жасап, жетістікке жетудегі негізгі кедергілерді зерттеп, шешімін табудағы жұмыстар бойынша ұсыныстарды да алдағы уақытта зерттейміз. Спорт – дінге, ұлтқа, жасқа, қызметке, уақытқа, ауа райының қолайсыздығына қарамай, адам денсаулығының жақсаруына мүмкіндік беретін үлкен сала. Бұл саланың маңыздылығын ескере отырып, спортшылардың шеберлігін арттыру, тұрғындарды спортқа тарту мақсатында аудан бюджетінен салаға бөлінген қаржының қайтарымын бүгін көріп отырмыз, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Мұнан кейін Асқарбек Есжанов кешегі тартысты додада үздік өнер көрсеткен спортшыларды аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, кәсіпкер, спорт жанашыры Оразбек Ахметов пен сала ардагерлері барлық саңлақтарымызды кешегі жеңісімен құттықтап, алдағы жарыстарға сәттілік тіледі.

– Кез келген салаға қолдау барда оның нәтижесі де қатар жүруі тиіс. бүгін осындай үйлесімді істің куәсі болып отырмыз. Жерлестеріміз кешегі үлкен жарыста екінші орынға жайғасыпты. Бұл – шыны керек, аудан тарихында бұрын болмаған жағдай. Бірнеше спорт түрінен осыған дейінгі спартакидада саңлақтарымыз қарсылас шақ келтірмеген. Биыл да нәтиже қайталанып отыр. Тіпті жаңадан қосылған спорт түрлерінен де қоржынға қола салған. Жергілікті билік тарапынан қолдау бар, нәтиже де жоқ емес, сөзімнің басында керемет үйлесімге куә болып отырмыз дегенім де сондықтан. Әрқашан ауданның абыройын асқақтатып жүре беріңіздер. Келешегіміз осы жастар, сондықтан сендерге артылар сенім жоғары, сол сенім үдесінен шығып отырсыздар. Алдағы жарыстарда жеңісті күндеріңіздің куәсі болайық, – деді Садық Әлиев.

Айта кетейік, жалағаштық спортшылар биыл 9 айда әлем біріншіліктерінде Қазақстан қоржынына 1 алтын, 1 қола салды. Ал Ел чемпионаттарында облыс қоржынын 14 алтын, 11 күміс және 27 қоламен толықтырды. Мұнан бөлек облыстық сайыстарда 74 алтын 61 күміс және 87 қолаға ие болды. Ауданда 1 разрядтағы спортшылар тоғызға жетті. Сондай-ақ 8 спорт шебері мен 27 спорт шеберіне үміткер бар.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**



# Маңызды меморандум жасалды

**Бейсенбіде аудан әкімі Асқарбек Есжанов Жалағаш кентінің Дәуімбай елді мекенінен жаңадан дәрігерлік амбулатория құрылысын салуға ниет білдірген жеке кәсіпкер Бағжан Есентайұлымен және аудан көлемінде іске асыру жоспарланған инженерлік-инфрақұрылым нысандарының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп беруге ниет білдірген «МарСам» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Жалағаш ауданы әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.**

Дәуімбай елді мекенінде 6 мыңға жуық халық бар. Бұл аймаққа дәрігерлік амбулатория ғимаратын салу мәселесі тұрғындар тарапынан осыған дейін де көтерілген.

– Біз осы мақсатта жеке кәсіпкерлермен келіссөздер жүргізіп, Бағжан Есентайұлы амбулатория ғимаратының құрылысын жүргізуге ниет білдірді. Ендігі кезекте осы аймақтан аудан әкімдігі тарапынан жер учаскесі белгіленіп, тиісті жобаалды құжаттарымен қамтамасыз ететін боламыз. Сонымен қатар жоғарыда атап өткенімдей, аудан көлемінде жоба-сметалық құжаттар әзірлеуді қажет ететін инженерлік-инфрақұрылым нысандарының тізімі жасақталып, «МарСам» серіктестігіне ұсынылатын болады. «Туған жерді бірге түлетейік» үндеуі аясында облыста кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар белсенді араласып, қайырымдылық шараларына, Сыр елін көркейтуге үлес қосуда. Бұл бағытта аудан кәсіпкерлері де елді мекендерден бірқатар әлеуметтік жобаны іске асырып, өз үлесін қосуда, – деді Асқарбек Темірбекұлы.

Айта кетейік, былтыр демеушілер есебінен ауданда жалпы құны 492,7 млн теңгені құрайтын 17 жоба іске асырылды. Биыл бұл жұмыстар жалғасын тауып, ауданда жалпы құны 585 млн теңгенің 18 жобасы жүзеге асуда. Тарқатып айтсақ, «Таң ЛТД» ЖШС-ның демеушілігімен Таң елді мекенінің ішкі көшелері 59 млн теңгеге жарықтандырылып, 80 млн теңгеге Тағзым алаңы және жалпы құны 200 млн теңгені құрайтын спорт кешенінің құрылысы басталды.

«Еңбек Жер» ЖШС-ның демеушілігімен Еңбек ауылынан 30 млн теңгеге балалар ойын алаңы мен спорт алаңы пайдалануға берілді, жыл аяғына дейін 50 млн теңгеге жылыжай кешенінің құрылысы басталады. Бұқарбай батыр ауылдық округінде «Мелиоратор» ЖШС-ның демеушілігімен 50 млн теңгеге балалар ойын алаңы мен спорт алаңы және жаңадан ипподром құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар «Абай Дәулет» ЖШС-ның демеушілігімен осы елді мекенге кіреберіс автомобиль жолының бойы жарықтандырылады. Сондай-ақ жеке кәсіпкер Қайрат Досымов Дәуімбай елді мекенінен 80 млн теңгеге жаңа мешіт құрылысын жүргізуде.

Аудан әкімі бұл нысандардан бөлек елді мекендердің ішкі көшелеріне тас төсеу, жарықтандыру, балалар ойын алаңдарын салу мен бірінші кезекте тұрғындар үшін қажетті жобаларды жүзеге асыру үшін жоба-сметалық құжаттар әзірлеу сынды жұмыстар да жалғасын тауып, игілікті істер басқа да кәсіпкерлерге үлгі болатынын жеткізді.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**



# Тәртіпке бас иген құл болмайды

**Тәрбиесіз алған білім – адамзаттың қас жауы. Әрбір істе, білім алуда, жұмыс істеуде тәлім-тәрбиенің маңызы жоғары. Ал ол тәртіп отбасынан қалыптасып, мектеп қабырғасында жалғасатыны белгілі. Ең әуелі отбасының ықпалы, одан кейін мектептегі ұстаздардың да орны ерекше. Аудан жасөспірімдерінің мектептегі, жалпы өмірдегі тәртібін қадағалау мақсатында аудандық полиция бөлімінің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасындағы ер балалармен кездесу өтті.**

Тәртіп аз халықты үлкен күшке айналдырады, ал әлсіздерге сәттілік пен құрмет әкелетін де тәртіп. Күні кеше Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте өткен кездесуде тәлім-тәрбие, тәртіп төңірегінде келелі ойлар айтылды. Бұл кездесуге аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов және аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Талғат Шоқанұлы, аудандық прокуратураның прокуроры Бақытжан Жаңабайұлы қатысты.

– Бүгінгі жиынның негізгі мақсаты – аудан оқушыларының тәртібін дұрыстау және құқық бұзушылықтар жайында ескертіп, алдын алу. Білімді болу үшін бірінші бізге тәртіп керек, тәртіп болмаған жерде білім, тіпті бірлік те, тірлік те болмайды. Сондықтан барлығы тәртіптен басталады. Ал сол тәртіпті мектептен бастап алады. Біз оқушылармен ғана емес, олардың ата-аналарымен де кездесу жасап, түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Сол түсіндірме жұмыстары кезінде ата-аналардың айтқан уәжінің бірі мектептердегі оқушылар арасындағы ақша жинау болып тұр. Осы мәселені шешу мақсатында түрлі ескерту жұмыстарын да жүргізіп келеміз. Бірақ биыл құқық бұзушылықтар жылдағыға қарағанда көп болып тұр. Аудандағы жасөспірімдердің топ болып қылмыс жасауы, ұрлық сияқты құқық бұзушылықтар көбейіп жатыр. Бірақ біліңіздер, әр қылмыс пен құқық бұзушылықтың соңы жаза екенін ұмытпаңыздар, – деді аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Мәулен Жайшылықұлы

Кездесуде оқушыларға құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бағытында да түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, орын алған құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы бейнероликтер де көрсетілді. Расында Бауыржан Момышұлы айтқандай, тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды.

Полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Абзал Сералиев оқушыларға, 2024-2025 оқу жылына арналған оқуға түсуші түлектерге арналған түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Яғни ҚР ІІМ-нің Б.Бисенов атындағы Қарағанды академиясына, ҚР ІІМ-нің М.Есболатов атындағы Алматы академиясына және ҚР ІІМ-нің Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына таңдаушыларды қабылдау жүргізілуіне байланысты аталған жоғары оқу орындарының артықшылықтары мен оқуға түсу тәртібін түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Былтыр мектеп бітірген түлектер ішінен 16 оқушы аталған жоғары оқу орындарына тапсырған. Алайда түлектер ішінен тек 3 оқушы ғана академиялық оқу орындарына түскен.

Расында болашақ жастардың қолында. Ал сол қолдарында тұрған болашақты жасау үшін әрине тәртіп керек. Ел үмітін ақтап, аудан атын шығарып жүрген жасөспірімдер де аз емес, алайда бір құмалақтың бір қарын майды шірітетіні тағы бар. Мағжан сенген жастардан болып, халқына пайдасы тиер елдің баласы болу – әр азаматтың борышы.

**Ақнұр АЛТЫНБЕК**

Сұхбат

**Кез келген мемлекет білім мен ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөледі. Олай болатыны да заңдылық, себебі барлық салада серпін қалыптастыруда бұл мақсат-міндеттер ерекше маңызға ие. Қазақстан да тәуелсіздік алған жылдардан бері аталған салаға ерекше қолдау көрсетуде. Нәтиже де жоқ емес, қазір сөзімізді қуаттай түсу үшін салада қалыптасқан серпін жайын тілге тиек етсек, Жалағаш ауданының өзінде бірқатар жетістік бар. Жыл сайын түлектердің басым бөлігі мемлекеттік грантпен білім алуға қол жеткізуде. Аудан аймақта білім саласымен алдыңғы қатардан көрініп келеді. Әлбетте бұл мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың және ұлағатты ұстаздардың еселі еңбегінің жемісі екеніне ешкімнің дауы жоқ. Мереке қарсаңында аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовпен ауданда саланың даму барысы қалай, әлі де қандай мәселелер бар, жаңа оқу маусымында білім беру жүйесінде нендей өзгерістер бар, осы және өзге де бірқатар сауалдардың түйінін тарқатқан едік...**



**Талғат Садықов, аудандық білім бөлімінің басшысы:**

# Түлектердің 86 пайызы грантпен оқуға түсті

***– Талғат Құрақбайұлы, биыл ауданда сала бюджетінде өсім бар ма?***

– Биыл ғана емес, жыл сайын білім саласына бөлінетін қаражат көлемінде өсім қалыптасып келеді. Мәселен, 2022 жылы білім саласына бөлінген қаржы 10 млрд теңгені құраса, 2023 жылға жоспарланған қаржы 14,5 млрд теңгеге жетті. Орташа есеппен сала бюджеті 30 пайызға артты деп толық айта аламын.

***– Осыған дейінгі сұхбаттарыңызда мектепке дейінгі тәрбие ісі тыс қалып жатады. Жалпы ауданда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту барысы қалай, ауданда ондай қанша ұйым бар, оның қаншасы мемлекеттік, қаншасы жеке балабақшалар?***

– Жалағаш ауданында жалпы 36 мектепке дейінгі ұйым бар. Оның 10-ы – мемлекеттік, 23-і – жекеменшік балабақшалар. Мұнан бөлек 3 шағын орталық бар. Қазір бұл ұйымдарда 3048 бала тәрбиеленуде. Ауданда 3 жастан 6 жасқа дейін балаларды қамту көрсеткіші 100 пайызға жетіп отыр. Яғни мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен қамтамасыз етуде мәселе жоқ.

***Сөзіңізден мектепке дейінгі тәрбие ісімен айналысатын ұйымдардың ішінде жекелердің үлесі басым екенін аңғаруға болады, оның қаншасы ауылдық елді мекендерде, қаншасы аудан орталығында? Жалпы ауылдарда бұған қатысты мәселе бар ма? Жалпы балабақшалардың ішінде апатты жағдайда тұрғандары бар ма және мектепке дейінгі тәрбие ісімен айналысатын ұйымдардың алдағы жылу маусымына дайындығы қалай?***

– Жеке балабақшалардың үлесі 85,2 пайызды құрайды. 23 жекеменшік балабақшаның 13-і кентте, 10-ы ауылдық округтерде орналасқан. Қазіргі таңда апатты жағдайдағы балабақша жоқ, Кентте орналасқан «Күншуақ», «№19 санаторий», «Ақмаржан» балабақшалары табиғи газбен жылыту жүйесіне қосылды. Ал «Арай», «Жауқазын» балабақшаларын көгілдір отынға қосуға байланысты жобалық-сметалық құжаттар дайындауға 9 млн 356 мың теңгеге бюджеттік өтінім жасалды.

***– Енді орта білім беру жүйесіне көшейік, ауданда қанша мектеп бар, жаңа оқу жылын қанша оқушымен бастадыңыздар?***

– Ауданда 20 мектеп жұмыс жасайды. Оқушы саны – 7063. 2023-2024 оқу жылында бірінші сыныпқа барлығы 628 оқушы қабылданды. 2021-2022 оқу жылында 358 түлек мектепті тәмамдады.

***– Олардың қаншасы ҰБТ-ға қатысты, нәтиже қалай?***

– Ұлттық бірыңғай тестілеуге 323 түлек қатысты. Орташа балл – 83,1. Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысымен білім беру гранты конкурсына қатысқан 302 талапкердің 86 пайызы, яғни 260 түлек грант иегері атанды. Әрине бұл – үлкен жетістік, мұның артында мемлекеттің салаға деген ерекше қолдауы мен әріптестерімнің еселі еңбегі жатыр. Бірақ біз бұл жетістікке тоқмейілсуден аулақпыз, керісінше жасаған жұмысымыздың жемісінен шабыт алып, әрі қарай да бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға аянбай еңбек етеміз.

***Қосымша және инклюзивті білім беруде нендей мәселелер бар?***

– Жалағаш ауданында 1 оқушылар үйі, 1 өнер және 2 спорт мектебінде 2 300 бала қосымша біліммен қамтылған. Осы оқу жылында 20 мектеп жанындағы 126 үйірмеге 1825 бала қатысуда. Бүгінде 343 ерекше білім беруді қажет ететін балалар анықталып отыр. 169 бала мектепте, 22 бала арнайы психикалық дамуы тежелген сыныпта, 54 бала үйден оқытылуда, 60 бала балабақшада, 43 бала психологиялық-педагогикалық түзету, 45 бала ресурстық орталықта, 30 бала логопедиялық пункте түзету сабақтарын алуда. Әр оқу жылында ақыл-ой бұзылысы бар, нашар көретін және брайль шрифтімен жазатын оқушыларға арналған арнайы оқулықтар алынуда. Биылғы оқу жылында сұранысқа сай 2 млн 350 мың теңгеге оқулықтар алынды. Жұмыс жасайтын пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыруда арнайы инклюзивті курстар тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Мәселен, қазірге дейін 1 275 педагогтың 44 пайызы арнайы инклюзивті курстан өткен.

***– Жалпы білім ошақтарының материалдық инфрақұрылымы қалай?***

– Ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2022 жылы 17 млн 800 мың теңге бөлінген, 2023 жылға барлығы 89 млн 346 мың теңге қаралып, тиісті қаражат көлемі 5 есеге артып отыр. 10 млн 727 мың теңгеге кент орталығындағы №31 мектеп-гимназиясы, Бұқарбай батыр ауылындағы №33 мектеп ғимаратын күрделі жөндеуге байланысты жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Ғимараттың күрделі жөндеу жұмыстарына келсек, №31 мектеп-гимназиясына 805,1 млн теңге, 33 орта мектепке 435,8 млн теңге қажет.

Модернизация жаңғырту жұмыстарына 2023 жылы 6 мектеп жоспарға енгізіліп, барлығы 79 млн 297 мың теңге жұмсалды. Аудан мектептері 100 пайыз кеңжолақты интернет желісіне қосылған. Сонымен қатар бүгінгі күні мектептер 95 пайыз жаңа модификациялық физика, химия, биология пәндік кабинеттерімен жабдықталған. Мектептер бойынша құрал-жабдықтар алуға, яғни 2023 жылға LTD экран, парта, тақта, акт зал орындықтары, бейне бақылау камерасы, дабыл нүктесі, жылу жүйесінің құрал-жабдықтарына 107 млн 817 мың теңге бөлінді.

***– Бұрын тек көмекке мұқтаж балалар ғана мектеп қабырғасында ыстық тамақпен қамтылатын, қазір бастауыш сынып оқушылары да бұл мүмкіндікке қол жеткізді. Жалпы ауданда қанша балаға білім ошақтарында ыстық тамақ беріледі?***

– 2023 жылдың қаңтар айынан бастап 1-4 сыныптарда оқитын 1 899 оқушы 100 пайыз тегін ыстық тамақпен қамтылды. Көмекке мұқтаж 2074 баланы бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен 83 млн теңге бөлінді. Балаларға берілетін астың сапасы ұдайы бақылауда болады. Олардың ыстық тамақпен қамтылуында осы күнге дейін ешқандай мәселе туындаған емес, алдағы уақытта да жол бермейміз.

***– Жалпы мемлекет тарапынан салаға басқа да қандай қолдаулар бар?***

– Қазір білім саласына мемлекет тарапынан ерекше қолдау бар, оны жоғарыда айттым. Мұндай қолдау болмаса, сұхбат барысында сүзгіден өткізген қаншама шаруа осынша ширамайтын еді. Мұнан бөлек Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға және беделін арттыруға ерекше көңіл бөліп отыр. Президенттің бастамасымен 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» жеке Заң қабылданды. Соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті. Жуырда балабақша тәрбиешілерінің де айлығы 30 пайызға артты. Ұстаздардың еңбек демалысы да ұзартылды. Мұғалімнің міндетіне кірмейтін артық жұмыстың бәрі алынып тасталды. Ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне әлі де мән беріліп жатыр. Қазір мұғалім мамандығын таңдаған жастарға қойылатын талап та күшейді. Осы саладағы студенттердің шәкіртақысы 2,5 есеге артты. Бір сөзбен айтқанда, білікті ұстаз даярлау ісіне ерекше мән берілуде.

***– Сұхбатыңызға рахмет!***

**Сұхбаттасқан**
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**




# Ұлағатты ұстаз

**Кез келген адам ұстаз бола алмайды. Себебі ұстаздың тағылымы тереңде. Шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбек қатар жүруі керек. Сонда ғана «ұстаз» атына лайықты болмақ. Ғұмырының 21 жылдан астам уақытын ұстаздықтың ұлы жолына арнап, өзінің айшықты еңбегімен даралanып жүрген Айгүл Нариманқызының тағылымға толы өмір жолы – мұғалімдік мамандықтың қыр-сырына енді ғана қанығып келе жатқан әрбір жас ұстазға өнеге. Өзінің қажырлы да еселі еңбегімен, әрдайым ізденімпаздығымен, парасаттылығымен, мейірбандылығымен ерекшеленетін Айгүл Нариманқызы – нағыз ұстаз атына лайықты жан.**



Алғаш еңбек жолын аудандағы жартығасырлық тарихы бар Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте аға тәлімгер болып бастап, бүгінге дейін тарих пәнінен сабақ берген кейіпкеріміз 2008-2012 жылдары мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

– Мектептегі білім мен тәрбие – егіз ұғым. Мектепті білім тірегі десек, ұстаз – оның жүрегі. Жас ұрпақтың жан-жақты терең білім алуымен қатар саналы да тәрбиелі, деңгейі жоғары болуы үшін сынып жетекші болып оқушылармен етене жақын жұмыс жасадым. Бүгінде оқушыларым білікті, іскер маман болса, кейін бітірген оқушыларым студент. Мектепті бітіріп кетсе де әліде хабарласып тұрамыз. Негізгі мамандығым бойынша оқушыларды ҰБТ-ға дайындау жұмыстарын 2006 жылдан бастадым. Бүгінге дейін оннан астам сыныпты пән мұғалімі ретінде тестке дайындадым. «Қазақстан тарихы» пәнінің бір нұсқасында 25 тест тапсырмасы болған кезде мектеп түлегі Мархабат Шайхиева, Мөлдір Ідіріс, Жасұлан Шыңдалы аталған пән бойынша ең жоғары балл жинаған болатын. ҰБТ қорытындысымен Қазақстан тарихы пәні бойынша №202 орта мектеп ауданда I орыннан көрінсе, кейінгі жылдары да алғашқы үштіктен бой көрсетіп жүр, – дейді Айгүл Нариманқызы.

Еңбегі ерен, өмірі өнеге ұстаздың педагогика саласындағы көп жылдық қызметі мен жетістіктері бағаланып, ұстазының мерейін асырған, сантүрлі бәйгелерден оза шапқан шәкірттерінің де жетістігі елеусіз қалмай, Айгүл Нариманқызы көптеген марапатқа ие болған. Ол өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие мен сапалы білім берудегі қажырлы еңбегі үшін аудан әкімінің алғыс хатымен, облыстық, аудандық білім басқармасының «Құрмет» грамотасына ие болды. Бұдан бөлек аудан мен облыста жыл сайын өтетін «Үздік тарих пәні мұғалімі» байқауында алғашқы үштіктен түспей, жеңіс тұғырынан көрініп жүр.

«Жүз үздік ашық сабақ – 2019» атты республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, «Жылдың 100 үздік мұғалімі» төсбелгісін иеленген. ҚР Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына орай республикалық «Білім шыңы – ғылым сыры» журналы ұйымдастырған «Мәңгілік Елдің мәртебелі мұғалімі» жобасының арнайы медалімен марапатталды. Кейіпкеріміз мектеп қабырғасында шәкірттеріне білім берумен қатар спорттық сайыстарға да белсене қатысып, өзінің мықтылығын дәлелдеп келеді. Ол – ауыл спортшылары арасында өтетін «Алтын күз» облыстық спартакиадасында президенттік көпсайыстан әйелдер арасында жүлделі орындарды иеленіп, аудан спортына сүбелі үлес қосқаны үшін арнайы төсбелгімен де марапатталған мәртебесі биік маман.

Игі шаралар мен жарқын істердің жанынан табылатын ұлағатты ұстаз Айгүл Нариманқызы кіршіксіз көңілі мен ақжарқын мінезімен кез келген адамды баурай біледі. Талмай еңбек ету мен ізденістің арқасында өз еңбегінің жемісін көріп отырған, шәкірттерінің жүрегіне жол тауып, барлық шәкіртін өз баласындай көретін кейіпкеріміз – білім ұясында білікті ұстаз, отбасында аяулы ана. Қызы Зере Досым – осы мектептің озат оқушысы. Болашақта қайырымдылық қорын ашып, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетуді мақсат еткен Зеренің арманы асқақ, талабы таудай. Ұлағатты ұстаздан тәлім алған баланың қоғамға көзқарасы осындай болатыны да заңдылық.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

# Қауіпсіздік ережесіне мұқият қарайық

**Тұрмыста қолданылатын сұйытылған газ (баллондарда) қауіпті. Газдың иісі шыққан кезде олар тұншықтырғыш газбен улануға алып келеді, ең қорқыныштысы, жарылысқа әкелуі мүмкін.**

Осы ретте аудандық төтенше жағдайлар бөлімі күнделікті өмірде тұрмыстағы газды пайдалану кезіндегі ереже талаптарын ескертеді. Тұрмыстық баллондарды толтыруға арналған арнайы пункттерде ғана баллондарды құю керек. Баллонды ауыстырар алдында жаңа немесе пайдаланылған баллондардың крандары жабық екеніне көз жеткізіңіз, ауыстырылғаннан кейін герметикалығын тексеріңіз (сабын ерітіндісін жағу арқылы).

Баллонды газ плитасына қосу үшін арнайы иілгіш резеңке шлангты қауіпсіздік қысқыштары арқылы бекітілген ұзындығы метрден аспайтын етіп пайдаланыңыз. Оның созылуына немесе қысылуына жол бермеңіз. Газ құралдарын қосу кезінде ретін сақтаңыз, алдымен сіріңкені жағып, содан кейін газ беруді ашыңыз.

Тексерілмеген баллонды пайдалануға болмайды. Газдың шығып кетуін болдырмау үшін тамақ дайындау барысында қайнаған сұйықтықтарды отқа төгілмеуін қадағалаңыз. Газ плитасын үнемі тазалаңыз.

Жұмыс аяқталғаннан кейін баллонның кранын жабуды ұмытпаңыз. Үй жағдайында газдың иісі пайда болған кезде газ беру кранын жабу, үй-жайды желдету үшін терезелер мен есіктерді дереу ашу, ашық отты пайдаланбау, электр және электр құралдарын қоспау қажет.

Өз бетінше үйді газдандыруға, орнын ауыстыруға, кез келген газ жабдығын жөндеуге болмайды. Тиісті қызметтердің рұқсатынсыз жабдықтың орналасқан жерін өзгерте отырып, үй-жайды қайта жоспарлауды жүргізу де қауіпті.

Жабдық жарамсыз болған жағдайда газды пайдалануға, газ құралдарын қараусыз қалдыруға немесе оларды балалармен пайдалануға рұқсат жоқ. Үй-жайларды жылыту үшін газ плиталарын пайдалану, газ аспаптары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға да болмайды. Ауданның шұғыл байланыс номерлері 101, 102, 104 және 112.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ**
**ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ**
**ҚАУЛЫ**

**ЖОБА**

**Жалағаш ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, «Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалағаш ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жалағаш ауданының әкімі А.Есжанов**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
Жалағаш аудандық мәслихатының
төрағасы__________ Ө. Елеусінов
«___»___________2023 жыл

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2023 жылғы «__» _________
№____ қаулысына қосымша

**Жалағаш ауданында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері**

| № | Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттары | Тарифтік бағасы (теңге) |
|---|---|---|
| 1 | Жалағаш кенті – Жаңадария ауылы | 400 |
| 2 | Жалағаш кенті – Аққыр ауылы | 500 |
| 3 | Жалағаш кентінің №2, №3 маршруттары | 100 |

**КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ**
**АКИМАТ ЖАЛАГАШСКОГО РАЙОНА**
**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

**ПРОЕКТ**

**Об установлении тарифа на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в Жалагашском районе**

В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 19 Закона Республики Казахстан «Об автомобильном транспорте» акимат Жалагашского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить тарифы на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в Жалагашском районе согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Жалагашского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования

**Аким Жалагашского района А.Есжанов**

**«СОГЛАСОВАНО»**
Председатель маслихата
Жалагашского района
___________У. Елеусинов
«___»_________ 2023год

Приложение к постановлению
акимата Жалагашского района
от «___»________2023 года №___

**Тарифы на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа в Жалагашском районе**

| № | Маршруты на регулярные автомобильные перевозки пассажиров и багажа | Тарифная цена (тенге) |
|---|---|---|
| 1 | поселок Жалагаш–село Жанадария | 400 |
| 2 | поселок Жалагаш–село Аккыр | 500 |
| 3 | маршруты №2, №3 поселка Жалагаш | 100 |

# Хабарландыру

**Жалағаш ауданы тұрғындарының назарына!**

09.10.2023 жылы Жалағаш кенті және Ақсу елді мекенінде;
10.10.2023 жылы Аққұм, Аламесек, Бұхарбай батыр, Еңбек, Жаңадария елді мекендерінде;
11.10.2023 жылы Аққыр, Жаңаталап, Мақпалкөл, Мәдениет, Мырзабай ахун елді мекендерінде;
12.10.2023 жылы Қаракеткен, Далдабай, Таң, Жаңақоныс, М.Шәменов елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел: 8(72431) 31-5-45.**

**«Арал» СЖКБД филиалының «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі**



**Қазақстан поштасының тарихы тереңде жатыр. 1860 жылы Верный қаласында алғашқы байланыс пошта бөлімшесі ашылды. Ол аз уақыттан соң пошта-телеграф кеңсесіне айналып, 1883 жылдың өзінде оған 14 байланыс пошта бөлімшесі бағынды. Пошта байланысын ұйымдастыру арзанға түсуі үшін пошта кеңсесі ат-пошта стансалары мен болыстарда көмекші пункттерді ашты. Олардағы пошта операцияларының жүргізілуі болыс старшындары мен песірлердің міндетіне жүктелді. Сол кездері ондай ат-пошта жолының жалпы ұзындығы 20 мың шақырымды алып жатты. 1925 жылы поштаның даму тарихында алғаш рет ауылдық хат тасымалдаушы лауазымы бекітіліп, шалғайдағы ауылдарға хат жеткізу үшін айналма ат-пошта қызметі енгізілді. Қалаларда пошталық тасымалдар машиналардың иелігіне берілді, кейін катерлер мен теміржол көлігі де қолданыла бастады.**

# Сапалы қызмет – тұтынушыға құрмет



Иә, бүгінгі күннің пошта қызметі мүлде бөлек, заман талабына қарай түрленген. Күн өткен сайын жаңа технология алға қарыштап, енгізіліп жатқан жаңашылдықтар пошта саласының тынысын кеңейтіп, халық сұранысын арттырды. Аталған салада үздіксіз қызмет көрсетіп келе жатқан «Қазпошта» акционерлік қоғамы еліміздегі Ұлттық почта желісінің жалғыз операторы болып табылады. Компания ел аумағын тұтастай заманауи пошта инфрақұрылымымен қамтып, заманауи технологияларды енгізу арқылы жаңа жұмыстарды қолға алған. Қазіргі таңда ел бойынша 3 400 бөлімшесі, 14 облыстық, оның ішінде 4 республикалық маңызы бар филиалы бар компанияда 21 мыңнан астам адам қызмет етеді.

Қазіргідей арсеналында дамыған инфрақұрылымы мен жүйеленген логистикасы бар халықаралық пошта операторларының пошта нарығына шығуына байланысты бәсекелестік артқанда босаңсуға болмайтынын ескере отырып, мекеме жаңа заман жетістіктеріне дер кезінде ден қойған. Айта кету керек, ұлттық пошта операторы өзінің позициясын күшейтіп, бекіте түсу бағытында материалдық-техникалық базасын жетілдіру және пошталық қызметтерге қазіргі заманғы технологияларды енгізу жұмыстарын басты назарда ұстап отыр. Оның дәлелі Жалағаш аудандық пошта байланыс торабының халыққа қызмет көрсету ауқымынан байқауға болады. Бұл сөзіме аудандық пошта бөлімшесінің жұмыс барысымен танысуда көзім анық жеткендей.

Жанна Мырзағалиева басқаратын ұжымда бүгінде 44 қызметкер еңбек етуде. Кент ішінде 3 бөлімше, 14 ауылдық округте халыққа қызмет ететін пошта меңгерушілері бар. 2017 жылы күрделі жөндеуден өткен аудандық пошта байланыс торабы ғимараты заманауи стандарттарға сай. Орталық операция учаскесі тұтынушыларға қолайлы болу үшін бірнеше аумаққа бөлінген. Мәселен, пошталық және қаржылық қызметтер бойынша жеке тұлғалар үшін операциялық зал, коорпоративті тұтынушыларға қызмет көрсету бойынша орындар, сәлемдемелер супермаркеті, қызмет көрсету орны мен айырбастау пункті орналасқан. Орталық залда тұтынушыларға қызмет көрсету форматы да оңтайландырылған, кабиналар орнына сәлемдемелер супермаркеті ашылған. Жанна Исақызының айтуынша, бұл заманауи өзгерістердің өзіндік артықшылығы бар, яғни компанияның шығындарын қысқартуға айтарлықтай үлес қосады, тұрғындардың өтімділік қабілетін жоғарылатып, тұтынушылар үшін сәлемдемелерді алу және жіберу уақытын қысқартады.

– Пошта байланыс қызметінің қоғам үшін қажеттілігі еш уақытта төмендемейді. Керісінше күн санап маңызы арта береді. Көпшілігіміз пошта қызметін тек газет-журналдар, хаттар мен жеделхаттар тасымалдайтын мекеме деп түсінеміз. Шын мәнінде біздің саланың қызметі онымен шектелмейді. Тәуелсіздіктен кейін бұрынғы кеңестік пошта байланысының жүйесі өзгеріп, Қазпоштаның халыққа қызмет көрсету ауқымы кеңейе түсті. Қазіргі таңда Қазпошта көрсететін барлық қызмет онлайн-режимінде интернет арқылы Post.kz порталында қолжетімді, оның ішінде БЖТ төлеу, мемлекеттік көмек алу үшін виртуалды карта ашу және басқа да қаржылық, пошта қызметтері көрсетіледі. Алдағы уақытта біздің компания қиындықтарға қарамастан еліміздің өркендеуі және халқымыздың тұтастығы, болашағы үшін әлі де көптеген жаңа қызметтер мен жобалар әзірлеуде, – деді Жанна Мырзағалиева.

Айта кетейік, аудан орталығындағы Қазпошта бөлімшесі арқылы айлық, жылдық салықтар және коммуналдық төлемдер төлеуге, ақша айырбастауға, шет елдерге ақша аударуға, несие алуға, депозит ашуға, көлікті сақтандыруға болады. Көпшілікке бірдей салық түрі жер мен мүлік салығын пошта ешқандай үстемақысыз тегін қабылдайды. Бұған қоса тұтынушылар зейнетақы, жалақы, әлеуметтік жеңілдіктер үшін карта аштыра алады. Ал Aliexpress картасы арқылы тапсырыстың ақысын төлесе, заты 15-20 күнде келеді. Бұл жеткізу қызметінің жедел жұмыс істейтінін көрсетеді.

Сондай-ақ "Salem", "Tenge" жедел аударымдар желісі іске қосылған. Бұл аударымдар арқылы бір минуттың ішінде еліміздің кез келген аймағына ақша жібере аласыз. Ал "Юнистрим" халықаралық аударымдарының төлем жүйесімен АҚШ долларын, Еуро, Ресей рублін ТМД елдеріне, алыс-жақын шет елдерге жөнелтуге болады. Сонымен бірге тұтынушылар үшін "сәлемдемелер супермаркеті" іске қосылып, жұмыс істеп тұр. Бұрынғыдай тұрғындар кезек күтіп отырмайды, сәлемдеме жіберілгеннен кейін оны қабылдаушы азаматтың телефонына смс хабарлама келеді. Хабарламада сәлемдеме супермаркеттің қай қатар, қай жәшікте тұрғаны туралы айтылады. Сол бойынша тұрғындар еш кезексіз өз сәлемдемесін алады. Сол секілді гибридті пошта қызметтері – электрондық және қарапайым поштаның симбиозы. Оны жіберу үшін үйден немесе кеңседен шықпай-ақ электронды хабарлама мәтінінде жолдасаңыз жеткілікті. Электронды файл оны қабылдайтын адамға ең жақын электрондық басып шығару пунктіне түседі. Автоматтандырылған жұмыс орнында хат басып шығарылады, пошта конвертіне салынып, алушының қолына тиеді. Бұл ретте хат-хабар 1-3 күн ішінде тиісті мекенжайға жеткізіледі. Одан бөлек зейнетақы, жәрдемақылар беру қызметі бар, теміржол билеттері рәсімделеді, банкомат жұмыс істейді. Мұнан бөлек тұрғындарға поштадан брокерлік шот ашуға болады.

Иә, 9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні. 161 жылдық тарихы бар Қазақстан поштасының биыл мерейтойы, нақтырақ айтсақ, Ұлттық почта желісінің жалғыз операторы «Қазпошта» акционерлік қоғамына 30 жыл толуда.

Қоғамда халыққа қызмет көрсетіп отырған қандай да бір сала қызметкерлерінің бекітілген атаулы күні бар. Жылына бір мәрте болса да аталып өтетін сол күннің әсері салада қызмет жасайтын басшыдан бастап, барлық деңгейдегі мамандардың өз кәсібіне деген құрметі мен жауапкершілігін арттырады. Өйткені жай күндері де әрбір адамға өз кәсібіне қатысты ризашылығыңды бірауыз жылы сөзбен жеткізгеннің өзінде марқайып қалады.

Күннің ыстық-суығына қарамай аудан тұрғындарына хаттарды және баспасөз басылымдарын дер кезінде жеткізіп жүрген хат тасушылар Жұмакүл Отарова, Ақалтын Жүсүпова, Карима Өтениязова, Гүлнұр Нәбиева, Оразкүл Сейденова, Ақмарал Төлегенова, Құндыз Кенжебаева, Аманкүл Селбесінова, Шолпан Сейтқасымова облыстық, аудандық алғыс хаттармен марапатталған. Сондай-ақ баспасөз басылымдарының дер кезінде жетуін және кем-кетігін толықтырып отырған сұрыптаушы Бауыржан Ижанов, пошта тасымалдаушылар Алтынай Ахметова, Болат Рабеков, техникалық қызметкер Гүлмира Дабылова аталған салада қалтқысыз еңбек етіп келеді.

– Әрине біз қашанда қоғамға қажеттігімізді сезініп, еңбегіміздің нәтижесін көрсетіп, халыққа қызмет көрсету жолындағы жұмыстарды тың серпінмен жалғастыратын боламыз. Кәсіби мереке тұсында пошта саласында бұрын қызмет еткен ардагерлерді, қазіргі таңда еңбек етіп жатқан әріптестерімнің жұмысын жоғары бағалаймын. Олар сапалы қызметі, табысты еңбегі үшін халық алғысына бөленіп жүр, – деді Жанна Мырзағалиева.

**Жандос ЖАЗКЕН**

## Журналист басқа мамандықта

# Пошташының бір күні

**Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді» деген сөзі бүгінде өз күшін жойған жоқ. Қазіргі таңда ақпарат алмасудың заманауи тәсілі көп. Десе де газеттің орны бөлек. Себебі онда шынайы ақпарат, таңбаланған тарих пен қоғамдағы өзекті мәселелер мен ел ағаларының игі істері кеңінен тарқатылған.**



Кейіпкеріміз Ақалтын Жүсіпованың аудандық «Қазпошта» торабында газет-журнал, хат таратушы болып еңбек етіп келе жатқанына 18 жыл болған. Қақаған қыстың аязына, шіліңгір шілденің ыстығына қарамай оқырмандарға газеттерін уақытылы жеткізуді мақсат еткен кейіпкеріміз уақытының жартысын көше аралаумен өткізеді. Өзіне бекітілген аудандағы 10 көшені аптаның 6 күнінде аралап, тұрғындарға газеттерін үздіксіз жеткізіп тұратын Ақалтын Айтмағанбекқызының біркүндік жұмысының қалай өтетінін білу мақсатында бірге жұмыс жасап көрдік.

Жұмыс уақыты басталуына 10 минут қалғанда мекемеге табан тіреген Ақалтын Жүсіпованың бойынан өзіне жүктелген қызметке жауапкершілікпен қарайтынын аңғардық. Кейіпкеріміз келісімен газет таратушы қызметкерінің формасын киіп, тұрғындардың газет-журналын арқалап, таратуға кірісіп кеттік. Иығымыздағы сөмкемен қолымыздағы арбаға лық толы газеттерді арқалап, Абай, Төле би, Алтынбаев көшелеріне қарай бет алдық. Жол-жөнекей Ақалтын апаймен тілдескенімізде, жұмысқа ең алғаш түскен кезін айтып, қиын шақтарымен бөлісті.

– Әлі есімде, 2005 жылдың мамыр айында аудандық поштаның газет тарату бөліміне жұмысқа орналастым. Сол уақыттан бері үзбей еңбек етіп келемін. Басқа жұмыстардың да реті болды, бірақ неге екенін білмеймін, газет таратушы жұмысын қиып кете алмадым. Осы жұмыста жүріп небір қызықты да, қиындықты да бастан кешіріп келемін. Кейде қолдарына газет-журналы тимеген тұрғындар хабарласып, бізді кінәлап жатады. Кей үйлерге қабаған иттерінен кіре алмаймыз. Бірде қыс мезгілінде жер мұз, қатты тайғақ болғандықтан құлап қалып, газеттер жерге шашылып, бүлініп қалғандықтан егелерінен кешірім сұрап шыққаным есімде. Мен жұмысқа келген кездегі орта жастағы кісілер бүгінде зейнет жасында. Қазір газеттерін күтіп есік алдында отырады, – дейді пошташы.

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін газет тарату жұмысына әбден машықтанған маман тынбай еңбектенгенінің арқасында бүгінде халықтың алғысына бөленіп жүр.

– Зейнет жасындағы адам болғандықтан күнделікті теледидардан жаңалықтар көрумен қатар, бос уақытымызда газет оқығанды жақсы көреміз. Таратушы Ақалтын – сондай ақжарқын, жауапкершілігі жоғары жан. Күнделікті газет шыққан бойдан қолымызға тиеді. Біз сияқты газеттің әр санын асыға күтетін оқырмандар үшін бұдан асқан бақыт бар ма? Ауа райының қолайсыз күндеріне қарамастан газетімізді уақытылы жеткізетін Ақалтынға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді аудан тұрғыны Алтынбек Аққасынов.

Кейіпкеріміз қаламгер мен оқырманды жақындастыру жолында жасаған еңбегінің жемісін көруде. Ол – бірнеше мәрте аудан әкімінің алғыс хатымен, «Қазпошта» АҚ облыстық филиалы директорының «Үздік хаттасушы» номинациясымен, арнайы «Құрмет» грамоталарымен марапатталған үздік маман. Отбасында қызын қияға, ұлын ұяға қондырған 3 баланың асыл анасы, балаларын ел игілігі жолында адал еңбек етуге тәрбиелеп отырған өнегелі отбасының отанасы, 7 немеренің әжесі Ақалтын Айтмағанбетқызының еңбегі – жас ұрпаққа өнеге.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**



## Маман мерейі

# Ауыл айнасы – пошташылар

**Ауыл тұрғындары үшін пошташының мәртебесі зор. Өйткені өңірімізде облыс немесе аудан орталығынан шалғай орналасқан елді мекендер көптеп саналады. Ал бұл ауылдар үшін негізгі ақпарат тасымалдаушының жүгін пошташылар көтеріп тұр.**



Өмірінің 25 жылдан аса уақытын осы салаға сарп етіп, қазір Т.Жүргенов атындағы ауылда пошта байланыс торабының меңгерушісі болып қызмет ететін мақпалкөлдік Гүлнар Исованы ерекше айтуға болады. 1998 жылы алғаш пошта саласына жұмысқа орналасқан ол қазір де тұтастай бір ауылдың талап-тілегін, сәлемдемесін жеткізіп, елге қалтқысыз қызмет көрсетуде.

– Әуелі поштада уақытша жұмыс істеп, кейін кетермін деп ойладым. Жұмысым ұнағаны соншалық кейін қызмет ауыстыру туралы ой болмады. Әрине жұмысымыз оңай емес, бір ауылға 1 ғана пошташы. Күніне 100 шақты ауыл азаматына қызмет көрсетемін. Пошташының жұмысы тек газет-журнал тарату мен хат тасымалдау емес. Сонымен бірге зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақы беру, коммуналдық төлемдер түбіртегін жеткізу, депозитке қаражат аудару, салық және басқа да әлеуметтік төлемдерді қабылдау қызметтерімен, экспресс жолданымдармен және курьерлікпен де айналысады, – деп Гүлнар Абатқызы жұмысы жайлы қуана айтып берді.

Әрбір істе кәсібилікпен қатар адамның өз ісіне деген қызығушылығы керек. Гүлнар Абатқызының іс-әрекетінен қызметіне деген ықыласы сезіліп тұрады. Оқыған, көзі ашық адам екенін әңгімесінен-ақ аңғаруға болады. Кейіпкеріміз пошта жұмысынан бөлек, отбасында аяулы жар, ардақты әже, 3 бала тәрбиелеп, бүгінде 6 немере сүйіп отыр.

– Бала күнімнен газет-журнал оқып өстім. Біздің кезде жеке адамдар бір-біріне көп хат жазатын, әрине ол кезде бүгінгідей телефон, интернет жоқ. Сол хатты оқу маған қызық еді, пошташы келе жатса, қуанып алдынан жүгіріп шығатынмын. Иә, ауылда пошташы төрткүл дүниенің жаңалығынан алдымен хабардар болатын. Оған қызығып қарайтын едім. Жақындарым, таныстарым «Неге пошташы болдыңыз?» деген сауалды әлі де жиі қояды. Әрине жауабым дайын. Жұмысымды жақсы көремін. Өзіме ұнайды. Мерекелерде, туған күн кештерінде құттықтаулар жазып, әріптестерімді қуантып жүремін. Жақында зейнеткерлікке шығамын. Әріптестерімді «пошташылар күнімен» шын жүректен құттықтаймын, – дейді ол.




Пошташылардың жұмысы басқа саланың қызметкерлеріне қарағанда ерте басталады екен. Мұндағы мақсат – үйлерінен шығып кетпей тұрғанда адамдарға тиісті тапсырысын жеткізіп беру. Бұған Аққұм ауылындағы пошта бөлімшесіне барғанда көзім жетті. Ауылдық пошта байланысы торабының меңгерушісі Айдын Сәрсенбаева таң атысымен сағат 8-де ауыл тұрғынына сәлемдемені жеткізуге шығып бара жатыр екен. Мен де пошташының жанына еріп, әуелі хал-жағдай сұрасып, жұмыс барысынан сұрақтар жаудырттым.

– Мен өз жұмысымды қатты жақсы көремін. 15 жылдан аса ғұмырымды пошта саласына арнадым. Пошташыға деген халықтың ықыласы ерекше. Мен соны байқадым. Сондай ақпейілді адамдарға қалай қалтқысыз қызмет көрсетпейсің?! Оқырмандар газетті, хатты, сәлемдемесін асыға күтеді. Жақын-жуықтан хат-хабар алып, қуанып жатады. Олардың риза кейпін көру – мен үшін үлкен бақыт, – дейді Айдын Қуанышбайқызы.

Ауылда өскесін болар, Айдын апай үшін көпшілікпен етене жұмыс жасау қиын болмаған. Мүмкін көпшілдігі болар. Еңбекке деген ынтасы, қарым-қабілеті халықпен етене жұмыс атқаруға мүмкіндік берді. Жауапкершілікпен бірге жұмысына деген ыждаһаттылығын айтып жеткізу мүмкін емес. Қай мекен-жайдың қандай мерзімді басылым алатынын, үй иесі кім екенін, тіпті телефон нөмірін жатқа біледі десем, артық айтқаным болмас. Талай рет итке таланса да хат-хабар мен газет-журналды пошта жәшігіне салып кетеді. Ұқыптылығы сондай, ол кісі таратқан сәлемдемесінің желмен ұшып кетуі немесе жоғалуы мүмкін емес. Ауыл тұрғындарының сый-құрметіне бөленген Айдын Сәрсенбаеваны еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін таниды. Баламінезді ақкөңіл, жүзінен мейірім төгіліп тұратын пошташының қабақ шытып, қатты сөйлегенін 1-2 сағат бірге жұмыс жасағанда көрмедім.

Иә, қазір халықтың талғамы жоғары, сұранысы зор. Хат-хабарлар мен сәлемдемелер уақытылы таратылмаса, пошташыларға маза жоқ. Ал Айдын апай таңмен таласа жұмысқа кіріседі. Түс ауа екі қолындағы дорба толы хат-хабарын халыққа таратып қайтады.

**Жандос ЖАЗКЕН**

**Меншік иесі:**
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

**Жалағаш аудандық**
**"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы**

**Бас редактор**
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:
**Бас директор** - 8(7242) 70-00-36
**Бас редактор** - 32-0-41
**Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер** - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Таралымы 2840 Тапсырыс № 1588**

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

**Кезекші редактор: Ақтоты Бүркітбай**